

КЕҢГІРБАЙ БИ

Кеңгірбай бидің кесенесін ашар алдындағы сөз – Шыңғыстау, 9.VIII. 1996; ұнтаспа жазбасы.

Кеңгірбай – Қабекең – ұрпағы атын атамай, Би-Ата деп кеткен Қабекең жарықтық – қазақтың Абылай заманындағы ең ұлы билерінің бірі, казак тәуелсіздігінің ең соңғы куәгері, халқымыздың басынан өткен қиындық заманды көзімен көрген, мойнымен көтерген, жұртына сөзімен күш, қайрат беріп, ұрпағына болашақты нұсқап кеткен ұлы бабаларымыздың бірі. Кеңгірбайдың заманы өте күрделі заман болды. Қазақ елдігінен айырылған, Абылай хан дүниеден көшкеннен соң, бір жақтан – терістіктен орыс, бір жақтан – шығыстан қытай, түстіктен қырғыз бен өзбек қазақтың жерін ала бастаған кезде, қазақтың 400 жыл жасаған ұлы мемлекеті Қазақ Ордасы ыдырап, тарай бастаған кезде, ұрпақты қалай сақтап қаламыз, келешек күнге қалайша жол ашамыз, елдің елдігін қалай ұстап тұрамыз деген мәселе көтерілген кезде, Қабекең, Қабекең сияқты қазақтың ұлы билері мен батырлары халқын жаңа жолға бастады. Қабекең кеудесін бастырмай, ұрпағым қорлық көрмесін деп, сонау орыстың шегіндегі Арқадан бері қарай ауа көшіп, осы Шыңғысқа келіп орнықты. Қабекең, Қабекең қатарлы Қараменде би, Абақ Бәйсейіт би, Ер Жәнібек және басқа да ардагерлер жасаған әрекет қазақ халқының еркіндігін сақтауға, өзінің дәстүрін, салтын ұстауға және болашаққа жол ашуға негіз болды. Қабекең қазақтың ежелгі ғұрпын, иманын, дінін халықтың көкірегінде берік орнықтыру жолында күресті. Қазақтың елдігін сақтауға, ұрпағы ата дәстүрін әрі қарай жалғастыруға негіз болды.

Қабекеңнің ең үлкен, ұлы істерінің бірі – ол кісінің артына тастап кеткен үлгісі, өнегесі, өсиеті. Қабекең билікті Ырғызбайға берді, Ырғызбайдан Өскенбай, одан Құнанбай, Абайға жалғасты. Мына Абай атамның айтқан сөзі бар, Құнекең жөнінде: тобықтыны ел қылып құрады деген. Бұл сөз ең алдымен Кеңгірбай биге қатысты. Өйткені, Қабекең болмаса, Құнанбай да болмайтын еді. Яғни, Абай да болмайтын еді. Қабекең болмаса, қазақтың қазіргі ұлы әдебиеті болмайтын еді. Өйткені, Абай болмаса, қазақ әдебиеті қазіргі дәрежесіне жетпес еді. Абайдың Абай болуы Құнанбайдың арқасы, Құнанбайдың Құнанбай болуы, Абайды тәрбиелеуі, осындай орта жасауы Кеңгірбай бидің арқасы болатын. Кеңгірбайдың ең үлкен қызметі, ұлы қызметі осы деп білуіміз керек.

Жаңа Қабекең қазақтың тәуелсіздігінің ең соңғы куәгерлерінің бірі болды дедік. Мына қырқаның, Қабекеңнің басына тұрғызылған сәулетті күмбез қазақтың сол жаңа тәуелсіздігінің алғашқы көріністерінің, алғашқы тұрғыларының бірі. Осы екі ғасырға жуық уақыт бойы, 170-180 жыл бойы Қабекеңнің басынан кісі арылған жоқ. Жұрт тәуап етіп келіп

жатты, құран оқып кетіп жатты, қона жатты. Күш-қуат алып кетіп жатты осы аруақтан! Елдің болашағына тілеу алып кетіп жатты! Ал, бірақ, басына қайтадан күмбез тұрғызу тәуелсіздіктің арқасында ғана мүмкін болып отыр. Еліміздің елдікке, қайта көтерілуге бет бұрғандығының арқасында Қабекеңнің басына жаңадан күмбез тұрғызып отырмыз.

Кеше ұлы Абайдың тойы болды. Ертең ұлы Мұхтардың тойы. Осы екі ортада Қабекеңнің басына келіп, тәуап етпесек, табынып кетпесек, мынау күмбезді тұрғызбасақ, ол аруаққа шет болар еді. Мынау күмбездің тұрғызылуы – біздің елдігімізді көрсетеді. Шыңғыстау жұрты өзінің сол Қабекең заманындағы, Абай заманындағы, Құнанбай заманындағы, арғы Абылай заманындағы, тек Шыңғыстау, тобықты ғана емес, ескіше айтқанда Орта Жүз, бүкіл қазақтың қайтадан ел болғандығының көрінісі! Қабекең – қазақтың ұлы биі. Ұлы адамдарға бесік-ұя жасаған әулие, ұлы Абайдың атасы, бәріміздің атамыз, яғни, бүкіл қазақтың атасы. Қабекең күмбезінің қайта тұрғызылуы қазақтың күмбезінің қайта тұрғызылуы деп білуіміз керек.

Ендігі бата: осы Қабекеңнің ауылында, Қабекең еңбек еткен қазақ жұртында – сонау Алтайдан бастап, Атырауға дейінгі, сонау Жетісайдан бастап, Сібірге дейінгі аралықтағы бүкіл қазақтың жұртында осы Қабекеңнің жолын қуған, биліктің тұтқасын ұстайтын ұрпақ өсіп-өнсін, Қабекең тәрбиелеп өсірген ұрпақ бүкіл қазақтың туын әрі қарай да көтере берсін. Абай қайта тумас, Мұхаң қайта тумас, бірақ, осы Қабекең тастап кеткен үлгіні, қазақтың асыл қасиеттерін жоғалтпайтын ұлдар дүниеге келе берсін деп тілеймін. Бұл – Қабекеңнің бізге беріп кеткен батасы! Ең үлкен үлгісі де осы болуы керек!

Айналайын Би-ата, сіздің құрбаныңызбыз бәріміз, ұрпағыңызбыз! Ұрпағынды қолдап, желеп, жебей жүр! Алдағы күнге де жөн-жоба сілтей бер! Сол үшін басыңызға тәуап еткелі келіп тұрмыз!

* * *

Кесене ашылғаннан соң тележурналист Серік Жанболаттың сұрақтарына берілген жауап.

– Мұхтар аға, сізді сонау Алматыдан жұмысыңызды жиып қойып, осында, осы жиынға жетелеп алып келген қандай күш? Қандай толғаныста тұрсыз?

– Кеңгірбай биді халық Қабекең деген – Қабан. Шешенділігіне қоса ерлігі, қайтпас қайсарлығына орай. Мен Қабекеңнің есімін, оның істеген ісін, ғұмырбаянын, жас кезімнен естіп өстім. Ел басқарудағы, жұртының болашағын ойлаудағы үлгісі, аруақтың өзгеше күш-қуаты, ұрпағын желеп-жебейтіндігі туралы бала кезімнен құлағыма сіңген. Ал, Абайдың басына келген кезде, Шыңғыстауға келген кезде, Қабекеңді еске алмай кетпейтін едім. Енді басына күмбез тұрғызып жатыр дегесін, бұнда келмеу күнә болар еді. Өйткені, Кеңгірбай – қазақтың XVIII ғасырда жасаған ұлы билерінің бірі. Қазақтың тәуелсіз заманының ең соңғы

куәгерлерінің бірі. Абылайдың алдын көрген, елдің ыдырағанын, хандықтың құлағанын, қазақтың тәуелсіздігінен айырыла бастаған заманын көрген адам. Заманға қарсы тұрар амал ол кезде жоқ. Сондықтан да, өзінің қарауындағы елді, жұртты сақтау үшін, ұрпағын болашаққа аман-есен қалдыру үшін еңбек етіп, сол жолда қажыр-қайратын аямаған. Ал, Қабекеннің өз заманында істеген ісінің қатесі жоқ. Кейін әртүрлі шығып жатқан әңгімелердің барлығы, ол – бізде Абылайдан бастап, Әз-Жәнібек ханнан бастап, қазақтың өткенін жамандайтын бір дәстүр болды. Өйткені, қазақ отар ел еді. Қазақты кеміту үшін жасалған әрекет болатын. Оның өткендегі ұлы перзенттерін атамайтын, атаса – сөгетін. Бірақ, ұрпағы, елі Қабекенді ұмытқан жоқ. Барлық уақытта басына келіп, тәуап етіп жүрді. Ал енді Қабекеннің ең үлкен, ең зор еңбегі – ұрпағының кеудесін бастырмай, отаршылдықты мойындамай, сонау орыс қарауындағы жерден ауа көшіп, Шыңғысқа келіп орналасты ғой. Сол кездің өзінде елдің елдігін сақтау, жаңа ұрпақ өсіру, халықтың дәстүр, салтын сақтау, ата-баба жолын берік ұстау тарабында Кеңгірбай жақсы үлгі тастап кетті. Осы Шыңғыстауда Кеңгірбайдың даналығының арқасында, білімінің, шешендігінің арқасында үлкен орта қалыптасты. Кейін өзінен соң Ырғызбайға тастап кетті билікті, содан соң Өскенбай, одан Құнанбай, Абай болды. Абай мектебі қалыптасты. Шыңғыстау – XIX ғасырдағы қазақтың сөз өнерінің ордасы болды. Қазақтың рухани ордасы болды. Бүкіл қазақ әдебиетінің тарихындағы өзгеше бір кезең осы Шыңғыстауда жасалды дейтін болсақ, осы орайда біз Кеңгірбай негіздеген ортаның, Кеңгірбай орнықтырып кеткен ұяның қызметі айрықша болды деуіміз керек. Өйткені, Құнанбай – Құнанбай болып өсіп, жетілуі үшін арғыдағы Кеңгірбай қалыптастырған орта болуы керек еді. Сол болды. Ал, Құнанбайдың әсер-ықпал, тәрбиесімен Абай – Абай болып қалыптасты ғой. Әлбетте, Абай секілді дарынды адамдар жүз-екі жүз жылда бір-ақ рет туады. Абайға жетеғабыл, Абайдай дарыны бар адамдар қазақта болды. Бірақ, олардың әкесі Құнанбай болған жоқ еді. Олардың бабасы Кеңгірбай болған жоқ еді. Сол Кеңгірбай бастаған үлгі, Құнанбай салған жол Абайды биік асқарға шығарды. Қазақ әдебиетін биік асқарға шығарды. Абай болмаса, Мұхаң да болмайтын еді, Абай мен Мұхаң болмаса, бүгінгі әдебиеттегі біздің тіршілігіміз де тап қазіргідей болмас еді ғой! Жадау әдебиет болатын едік. Орташа ғана әдебиет болатын едік. Ал, қазақ әдебиеті – үлкен әдебиет, ұлы әдебиет. Абайы бар, Мұхтары бар әдебиет! Біздің қазіргі деңгейіміз де жоғары. Ал енді кешегі ұлы Абайдың 150 жылдық тойы мен алдағы ұлы Мұхаңның 100 жылдық тойының аралығында Қабекеннің басындағы күмбездің қайта жаңғыртылуы – біздің елдігіміздің белгісі, ежелгі жақсы дәстүр-салтымызды қайта тапқанымыз, ата жолынан айрылмағанымыз, аруақтың алдындағы парызды ұмытпағандық; айналып келгенде, осының бәрі қазақтың тәуелсіздігінің арқасында болып отырған жағдай.

– Мұқа, осы уақытқа дейін Кеңгірбай бабамыз туралы басқаша айтылып келді. Басқаша түсінік болды. Енді осы жаңа көзқарасты қалай қалыптастырар екенбіз? Атамызды қалай өз орнына қоямыз?

– Өз орнына қойылды деп есептеңіз, мына бүгінгі күмбезге қарап. Ресми түрде орнына қойылды. Ал шын мәнісінде Кеңгірбайдың ұрпақ санасындағы, тарихтағы орны ешқашан өзгерген жоқ. Халық тәуап етіп келіп жатты барлық уақытта. Барлық уақытта халыққа үлгі болды. Барлық уақытта ұран болды. Ал енді күмбез тұрғызып жатқанымыз, бұл тек бір күннің, тәуелсіздік алғаннан бері қарайғы бір күннің әрекеті, шаруасы емес. Бұл – халықтың көкірегіндегі Кеңгірбайға деген құрметтің көрінісі. Сыртқа шыққан, жарыққа шыққан көрінісі. Ал, енді жаңа айттым, Кеңгірбай ғана емес, арыдағы Абылай, оның арғы жағындағы ұлы адамдар, солардың бәрін, қазақтың ұлы перзенттерін жамандаудың ең басты себебі – қазақтың елдігін мансұқ ету; қазақ надан болды деу керек болды. Қазақта мәдениет болған жоқ деген сөздерді айту үшін, оның мемлекеттілігі болған жоқ дегенді айту үшін ұлы перзенттерін жоққа шығару керек болды. Ал енді біздің әдебиетімізде, қазір атын айтпай-ақ қояйын, осы сөзге еріп кеткен үлкен адамдар да болды. Бұны енді заманның бір теріс ықпалы деп қарау керек. Оны түсінуге болады, бірақ, кешіру қиын ғой деп ойлаймын. Өйткені, Кеңгірбайды жаманда деп, ешкім нақты міндет артқан жоқ. Мақтауға тыйым салынған шығар, Абылайды мақтауға, Кеңгірбайды мақтауға, басқа да ұлы перзенттерді мақтауға, ұлы билерді мақтауға, батырларды мақтауға тыйым салынған шығар, бірақ, мынаны жаманда деп нұсқаған жоқ қой. Нақты жамандау шарт емес еді. Заманның орайы туғызған ондай келеңсіз жағдайлар туралы сөз болғанда, үлкен адамдарымызды бағалағанда олардың жақсы жақтарын алға тартып, барына шүкіршілік айтқан жөн. Ал енді Кеңгірбайдың өз басына келсек, ешбір ісінде қателік болған жоқ. Мен айтайын, сізге, Еңлік - Кебектің жазаға тартылуы дұрыс болған! Елдің елдігі үшін, жұрттың тыныштығы үшін! Заманның ыңғайынан туған қажеттілік! Ол әлгі романтикалық махаббат дегенді былай жиып қойып, шын мәнінде үңіліп қарайтын болсаңыз, хандық құлады, рулар өзара таласып, тартысып жатыр. Қырғын болып жатыр. Ағайын-туыс жауласып жатыр. Қан төгісіп жатыр. Енді ғана бітімге келген кезде, бір қызға ғашық болған бір жігітіміз барады да, елдің шырқын бұзады, ал, қандай жазаға лайық? Заманның талабы солай, заманның заңы солай. Сондықтан, Еңлік-Кебек мәселесінде Кеңгірбайды кінәлау қате болады. Қабекеннің ісі дұрыс! Заманның ыңғайынан туған. Ал енді мәселенің астары... бақытсыз махаббат, трагедиялық махаббат деген – ол екінші мәселе!

– Тоқ етерін бір-ақ айтып кеттіңіз, Мұқа!

– Жаңаша бағалау, жаңаша байыптау дегеніңіз – осы. Рақмет, айналайын!

1996.